

Республикалық балалар сауықтыру-оңалту орталығын қаржыландыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 21 сәуірдегі N 356

"Финтракс" фирмасымен Алматы қаласында Республикалық балалар сауықтыру-оңалту орталығын салу келісім-шарты бойынша міндеттемелерді орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Республикалық балалар сауықтыру-оңалту орталығын салу келісім-шарты бойынша Қазақстан Республикасының негізгі борышын өтеуге Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылға арналған резерв қорынан Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігіне 115485 (бір жүз он бес мың төрт жүз сексен бес) АҚШ долларына баламды сомада қаражат бөлсін.

2. Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі 1998 жылға арналған республикалық бюджетте "Денсаулық сақтау" 05 функционалдық тобы бойынша көзделген қаражаттың есебінен Республикалық балалар сауықтыру-оңалту орталығын салу келісім-шарты бойынша 1238929 (бір миллион екі жүз отыз сегіз мың тоғыз жүз жиырма тоғыз) АҚШ долларына баламды сомада сақтандыру төлемдерін, Түрік Эксимбанкі мен аралық банктің операциялық баждарын, ҚҚС төлеу жөніндегі шығыстарды және кеден баждарын төлесін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі